



"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 1099 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы"

Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 25-құжат; 2001 ж., N 20, 258-құжат; 2002 ж., N 5, 50-құжат):

18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Нормативтік құқықтық актінің мазмұны мен жазылу стиліне қойылатын т а л а п т а р

1. Қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеу саласында мемлекеттік органдардың міндеттері, функциялары мен құзыреті заңдарда мемлекеттік басқару деңгейлері бойынша айқын ажыратылып белгіленуі тиіс.

2. Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл мен заң терминологиясының нормалары сақтала отырып жазылады. Ескірген және көп мағыналы сөздер және теңеулер, эпитеттер, метафоралар қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Баптың (тармақтың) мәтіні басқа баптарда (тармақтарда) қайталап жазылмайды."

2. "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 20, 379-құжат):

1-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекеттік органның құзыреті деп мемлекеттік органдар қызметінің мәнін айқындайтын олардың белгіленген өкілеттіктерінің жиынтығы ұғынылады;

мемлекеттік органның өкілеттігі деп мемлекеттік органның заңдарда белгіленген құқықтары мен міндеттері ұғынылады;

мемлекеттік органның құқығы деп заңдарда белгіленген белгілі бір іс-әрекеттерді жасау, басқа адамнан (басқа адамдардан) белгілі бір мінез-құлықты (іс-әрекеттерді немесе іс-әрекеттерден қалыс қалуды) талап ету мүмкіндігі ұғынылады;

мемлекеттік органның міндеттемелері деп мемлекеттік органдар орындауға міндетті заңдарда белгіленген іс-әрекеттер шеңбері ұғынылады;

мемлекеттік органның міндеттері деп мемлекеттік орган қызметінің негізгі бағыттары ұғынылады;

мемлекеттік органның функциялары деп заңдарда белгіленген өкілеттіктер шеңберінде мемлекеттік органдардың қызметті жүзеге асыруы ұғынылады;

мемлекеттік органның мақсаттары деп мемлекеттік органның өз қызметінде талпыну мәні ұғынылады."

Қазақстан Республикасының

Президенті